



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 373.1

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МАҢЫЗЫ

Бекеева Гульжанар Абдыкаримовна  
педагог – зерттеуші  
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі  
«Әулікөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің  
Сұлтан Баймағамбетов атындағы  
Әулікөл мектеп – гимназия» ММ  
Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Қазақстан  
E – mail: gulzhanar.bekeeva@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінде білім беру, оқушыларды тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, педагогикадағы ең маңыздысы – мұғалімнің оқушымен тіл табыса білуі. Оқушыны мәдениетке, еңбекке, білімге қызықтыру қажет. Ол өз еңбектерінде ұрпақтан – ұрпаққа құнды ойлар жеткізді, қазақ жерінде оқу – ағарту ісін жүзеге асырды, халықтың игілігі үшін жұмыс істеудің үлгісін көрсетті.

**Түйінді сөздер:** еңбегі, сана, рухани, тәрбие, дүниесі.

### Аннотация

В педагогических трудах Ибрая Алтынсарина особое внимание было уделено вопросам образования, воспитания учащихся. По мнению Ибрая Алтынсарина, самое важное в педагогике – это умение учителя ладить с учеником. Необходимо заинтересовать школьника культурой, трудом, образованием. В своих трудах он передавал из поколения в поколение ценные мысли, осуществлял учебно – просветительское дело на казахской земле, демонстрировал пример работы на благо народа.

**Ключевые слова:** труд, богатство, воспитание, мир, духовный

### Abstract

In the pedagogical works of Ibray Altynsarin, special attention was paid to the issues of education and upbringing of students. According to Ibray Altynsarin, the most important thing in pedagogy is the ability of a teacher to get along with a student. It is necessary to interest the student in culture, work, education. In his works, he passed on valuable thoughts from generation to generation, carried out educational work on the Kazakh land, demonstrated an example of work for the benefit of the people.

**Key words:** labor, wealth, education, peace, spiritual.

Ыбырай Алтынсариннің өлең жолдары мен идеяларында бір терең ойлар жатыр. Әрбір халықтың рухани және адамгершілік тіректері бар. Қазақ халқының санасында осындай іргелі тіректердің бірі көрнекті педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасы болып табылады. Оның педагогикалық еңбектерінде қоғам мәселелерін түсіну барынша көрсетілген. Педагогикалық еңбектерінің қазіргі білім беруде маңызды екені көрініп тұр.

20 ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы қоғамдық ой – пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алады. Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектептің құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт – бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен манызын түсіндірді.

Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты екені мәлім. Ал, енді ағартушы педагог Ыбырай Алтынсариннің кезінде қолданған ұстанымдары мен қалдырған мұрасы бұл күндері қалай жалғасуда? Алдымен «ұстаным» дегеніміз не екенін анықтап кетейік. Оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс – әрекеттерінің әсер етеді. [1, б. 7]

Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін білуінде, баламен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бір жана типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс. Ұстаздың қандай да бір шығармасын алсаң да, оқушысының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі – өнеге берерлік, болашағына жол сілтерлік, оларды адамгершілік өмір танытарлық ой тастайды. Еңбектері әр адамның өмірінен орын таба біледі. Соңғы жүз жылда Ыбырай атамиз еңбектерін сусындап өспеген бір де қазақ жоқ шығар. Ыбырай Алтынсарин бар саналы ғұмырын халқының өнерлі, білімді, өркениетті де мәдениетті елдердің қатарына қосу үшін арнады. Осы жолда қаншама қиындықтар мен кедергілерді бағындыра отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сол тыңбай жасалған еңбегінің арқасында елінің

мақтанышына, дана педагогіне айналды.Кемеңгер атамыз қазақ халқына тән ұлттық тәрбиені білім ағарту ісімен ұштастыра отырып,қазіргі педагогика саласындағы бірнеше бағыттың негізін қалады.

Шәкірт тәрбиелеуді енді қолға алған Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны жігерлендіре түседі. Сонымен бірге ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті де көре білді.Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш – жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды.

Бұл жайлы орыс досы Ильминскийге жазған хатында: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім» – деп өзінің ең сүйікті ісі шәкірт тәрбиелеуге ден қойғанын аса зор қуанышпен хабарлайды. Мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән незідерінен білім беруге тырысады, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді. Әр шығармасы арқылы балаларға тәрбиелік ой салып, санасына тоқырып отыруға ықпал етті. [2, б. 21]

Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы асыл қасиет адамгершілік, рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп білді.Әңгімелерінің құрылымы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, қызығушылығын оятып, бойына тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыруда көздейді.Әңгімелері арқылы баланың сезіміне әсер етіп, ішкі жан дүниесін ояту арқылы бала жүрегіне адамгершілік дәнін сепкен. Қазіргі заманауи білім берудің өзекті мәселесі жас жеткіншекке адамгершілік, рухани тәрбие беру.

Мектеп қабырғасынан бастап біздер Ыбырай Алтынсариннің шығармаларымен танысып , ондағы кейіпкерлердің образдары арқылы жағымды, жағымсыз қаһармандардың бейнесін санамызға сіңірсек, еңбек ету арқылы оқу білімге қол жеткізе алатының, кез келген адамның бойында адамгершілік қасиеті бар, жүрегі иманға, ниеті адалдыққа толы екенің, оның қолынан барлығы келетін ұғынсақ мақсатымыздың орындалғаны. Бала тәрбиесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымды бағыты. Өскелең ұрпаққа білім беріп қана қоймай тәрбиелеу жүйесін де дамыту үшін талай бағдарламалар, мақсатты шаралар орындалуда, өйткені тәрбиесіз берілген білім – жетім.Ұрпақ тәрбиесі мәселесінде әлем халықтары өзінің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи тәжірибесін қолданып, соған жүгінеді.

Болашақ ұрпақты тәрбиелеудің негізі – өткен уақыттан, тарихынан қалған бай мұра. Сондай мұралардың бірі – Ыбырай Алтынсарин баға жетпес, құнды, тәрбиелік мәні зор шығармалары, аудармалары, әңгімелері. Жылдар өтіп,ел жанарған сайын жаңғыра түсетін, құндылығы арта түсетін тақырып – ұрпақ тәрбиесі.Бүгінгі тәрбие үрдісін халқымыздың салт дәстүрін, әдет – ғұрпын, ұлттық ерекшеліктерін ұстана отырып жаңғырту керек.Бала ең алдымен өз ұлтының мәдениетін, тарихын, мұрасын бойына сіңіріп, сонан соң өзге халықтың мәдениеті мен мұрасын меңгергені дұрыс. Жалпы дүниежүзілік өркениет әр ұлттың қазынасы арқылы дамып, байып отыратыны сөзсіз. Бүгінде өскелең жас ұрпақты алдымен өзіміздің әдебиетімізбен сусындатып «шөлін қандырып» сосын ғана өзге әлем әдебиетін үйрету керек деп ойлаймын.

Ұлы ағартушы мектепте тек оқу, жазушы ғана үйрететін орын ғана емес, оқушыларды тазалыққа дағдыландырып, әр нәрсеге дұрыс ақыл, оймен қарай білетін тұлға қалыптастыру керектігін айтқан.Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап сөзі жатық, мағынасы қызықты қысқа әңгімелер жазған. Ағартушы бұл әңгімелерінің балалар үшін тәрбиелік рөлі ерекше.Біз жас ұрпақ , Ыбырай Алтынсарин шығармалары арқылы жөсөспірімдерге адамгершілік рухында тәрбие беретінін біліп өсіп келеміз.Ол кісінің жұмыстарын оқи отырып, қазақ жастарын оқуға үндемеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілік пен тапқырылыққа, халқын сүюге , қысқасын айтқанда , адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын білдік. Жазушы ретінде әңгімелері еңбекті сүюге, оқу, өнерге ұмтылушылыққа, Отаның – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік,жинақтылдық тағы басқа тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелейді.Ол өзінің жалқаулыққа, қиянатшылдыққа, надандыққа, сотқарлыққа қарсы екенін көрсете отырып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті.

Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты – оқулық деп санайды. Ол балаларға ана тілін аса ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез – құлыққа баулуды көздейді. 1876 жылдан бастап қазақ ауыз әдебиеті мен қазақтың салт – дәстүрі үлгісіне негізделген «Қазақ хрестоматия» оқу құралын жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда басып шығарды. Рухани бай тұлғаны қалыптастыру тек мектептен ғана емес, туғанынан отбасынан басталуы керек. Халқымызда «Ағаш түзу өсу үшін көмектесу керек, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп жай айтылмаған.Бұл мысал «Бақша ағаштары» әңгімесінде суреттелеген. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп өсіру үшін отбасы мен мектеп, яғни мұғалімдер маңызды роль атқарады. Тәрбие үрдісі екі жақты үрдіс, себебі бала тек мектептен тәрбие алмайды, ол отбасынан, қоғамнан, араласатын достарынан үлгі – өнеге алады. Бүгінгі бала ертеңгі ер азамат болғандықтан да балаға қарап біз болашығымызды болжап, бағалаймыз. Өмір табалдырығын енді аттап, шыр етіп дүниеге

келген сәттен – ақ сәби алдымен адам, жеке тұлға, парасатты азамат қалыптасуына берген тәрбиенің маңызы мен ықпалы зор. Шығармасында еңбек сүйгіштікке баули отырып: «Ол қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысын, сен де еңбек ет, босқа жатпа» – дейді. Кез келген адам аз жұмысты қиынсынады. Жазушыны ойынша бұл жақсылықтың белгісі емес. Сондықтан балаларды жасынан еңбекке баулу керек. Жазушының осы әңгімесінде кішкентай жәндіктердің өмір, тіршілік үшін тыным таппай ететінін айта келіп, оларды үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы – оқулық деп санайды. Ол балаларға ана тілін аса ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалары арқылы оларды жақсы мінез – құлыққа баулуды көздейді. [3, б. 33]

«Қазақ хрестоматиясы» кірген өлеңдерінде де халық ағарту идеясын көтерді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер – білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған. Ақын өміріндегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқып, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Оқысандар, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегінің алдыңнан  
Іздемей – ақ табылар.  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық! –  
деп жастарды оқуға шақыралы. [4, б. 82]

Ақын «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алуға мақсат – «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден, көзіңді ашып – жұмғанша жылдам хабар алдыратын, аты жоқ құр арбаны мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызатын, адамды құстай ұшырып, мал істейтін жұмысты от пен суға түсіретін, отынсыз тамақ пісіретін, сусыздан сусын іштіретін, теңізде балықтай жүзіп, дүниені жалықпай кезетін» елдердің қатарына жету деп білді. Болашаққа деген сенімі зор болған ақын жастарға үлкен үміт арқан.

Ыбырай жастарды оқуға, білім алуға шақырумен қатар адамгершілікке, достыққа, еңбекке, төзімділікке, тапқырлыққа, мейірімділікке үндеді, адамға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын шығармашылығымен, еңбегімен дәлелдеуге ұмтылды.

Орыс әдебиетінің ықпалы әсерінен Ы.Алтынсарин әдебиетімізге пейзаждық табиғат лирикасын енгізіп, табиғат көріністерін суреттеуге арналған «Өзен», «Жаз» өлеңдерін Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. Ақын табиғатты суреттеу арқылы сол кездегі заман тынысын, адамдардың көңіл күйін, тұрмыс – тіршілігін бейнелеген. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Дүние қалай етсең табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» т.б. әңгімелері еңбек тәрбиесі мәселесіне арналған. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек ететінін айта келіп, оларды үлгі етеді, Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. «Әке мен бала» деген шығармасының түйінін: «Аз жұмыста қиынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» деп тұжырымдайды.

Педагог – жазушы «Атымтай Жомарт» атты әңгімесінде еңбекті дәрептейді. Еш нәрсеге мұқтаж болмаса да, Атымтай еңбектен қол үзбейді. Әңгіменің идеясы: «Күн сайын өз бетіммен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды, Еңбекпен табылған дәмнің төттілігі өзгеше болады екен», – деген Атымдайдың сезінен анық көрінеді. Ыбырай дұрыс тәрбие беру мәселесіне де ерекше көңіл бөліп, үлгі боларлықтай әңгімелер жазды. «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде тәрбиенің адам өміріндегі маңыздылығына баса назар аударады. «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімелерінде мейірімділік, адамгершілік мәселелерін көтереді. Алтынсаринның аударма әңгімелерінен басқа, өзі жазған қысқа әңгімелерінде де өмірдің өзекті мәселелері шешімін тапқан. «Бай мен кедей баласы» атты әңгімесінде ел көшіп кетіп, жұртта қалып қойған екі баланың бастарынан кешкен оқиғаны суреттеу арқылы өмірге икемділігі жоқ адамдардың дәрменсіздігі мен тіршілік үшін құрестің мәнділігі көрсетілге. [4, б. 83]

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәлім – тәрбиелік мәнінің күші оның тек балаларға арналған шығармалар жазуында ғана емес, сонымен қатар үлкендерге де үлгі боларлық мәселелердің қамтылуында. Мысалы, «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде отырықшылық, еңбек, сауда туралы сөз ете келе, адал еңбек еткен адамның мақсатына жететінін Сейітқұл мен оның ауылдастары бейнесі арқылы көрсетеді. Қазақ әдебиетінде болмаған тың тақырыптарды көтеріп, ескі мен жаңаның қайшылықтарын көрсетті, білім мен өнерді, еңбексүйгіштікті үлгі етті. Орыс ақын – жазушыларының туындыларын аудару арқылы қазақ әдебиетіне өз жаналығын әкелді – мысал жанрының дамуына ықпал етті. И.А.Крыловтан аударған «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды

түлкі» атты мысал – өлендері арқылы қазақ қоғамында етек алған келеңсіздіктерді сынға алды. [4, б. 84]

Ыбырай Алтынсариннің ұстанымдары педагогикалық қағида, шарттары күні бүгінге дейін бала тәрбиесінде маңызды. Қарапайым халықты ойлап, елінің алдында өшпес қызмет жасап кеткен тұлғаның мұралары мәңгі өшпес. Ұрпақты тәрбиелеудегі қосқан үлесі ұшан теңіз. Негізін қалап берген білім беру жүйесі, жылдан жылға мәртебесі өсіп, оның аясы кеңіп барады. Жасөспірімдерді тәрбиелеу жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне көп көңіл бөлді. Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуына оның шығармалары өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жас ұрпақ оны ағарту ісінің ұйымдастырушы ретінде таниды. Ыбырай атамның мұрасы ғасырлар бойы ұрпақты тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Ыбырай Алтынсарин халқының игілігі үшін қызмет етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Жастардың болашаққа деген сенімін қолдады. Оның педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуге зор үлесін қосты десек, қателеспейміз. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әліс – тәсілдері оқушыларды ортамен қарым – қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта тұжырымға келу, жауапкершілікке, енбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Жазушының алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегеді, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңменжалғыз алысы», аңсаған арманға дету жолында бойдағы бар күш қайратын, ақыл парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. [5, б. 11]

Ыбырайдың шығармашылығы жас ұрпақтың рухы мен сана – сезіміне, дене дамуына пайдалы екенін көбінен жартысы түсінбейді және шығармаларды көбі оқымайды. Сондықтан мен оқушыларға Ыбырай ұстазымыздың педагогикалық еңбектерін әрдайым оқуға кеңес бере едім.

Ыбырай Алтынсариннің алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегеді, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш қайратын, ақыл парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Газет – журналдар: Алтынсарин Ы. «Өнер–білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991 ж.
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. Алматы, 1994 ж.
3. Қазақ хрестоматиясы, 2007ж., «Білім» баспасы
4. Қазақ әдебиеті 10–сынып «Арман ПВ» баспасы 2014 ж.
5. Ғаламтор <https://kk.wikipedia>.

ӨОЖ 37.034

### **ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

*Бекмағамбетова Айжан Сапабековна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Әулікөл ауданы білім бөлімінің  
Әулікөл кешкі жалпы орта мектебі» КММ  
Әулікөл ауданы, Әулікөл селосы, Қазақстан  
E – mail: aishan10@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі: Бұл мақалада жастарға рухани адамгершілік тәрбие берудегі өз халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу – ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармаларының жас ұрпаққа берер ғибраты мол, асыл мұра екендігі жайлы сөз болады. Оның шығармалары арқылы жастарды жақсылыққа, биік адамгершілік қасиетке тәрбиелеу.*

*Түйінді сөздер: Ы.Алтынсарин шығармалары, рухани – адамгершілік құндылық, ұлттық тәрбие, келешек ұрпақ.*

#### **Аннотация**

*Актуальность: В данной статье речь пойдет о том, что произведения великого просветителя И.Алтынсарина, который трудился на благо своего народа в духовно – нравственном воспитании молодежи –*